

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента
« __ » _____ 20 __ года

2024 жылғы 18 қыркүйекте жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
О.А. Бектеновке

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Олжас Абайұлы!

Ұлттық статистика бюросының ақпаратына сәйкес, биылғы жылдың 1 шілдесіне еліміздегі тұрғындардың 62,7 пайызы қалада, ал 37,3 пайызы ауылда тұрады. Деректерге сүйенсек, урбанизация деңгейі өсу үстінде.

Өңірлердегі жағдайды зерделейтін болсақ, кейбір облыстардағы урбанизация деңгейі өте жоғары дәрежеде, тіпті урбанизацияланған мемлекеттердің көрсеткіштеріне жақындады (80 пайыздан астам), бұл - Қарағанды және Ақтөбе облыстары.

Ал ауылда тұратын тұрғындары көп өңірлерге Алматы облысы (19,5 пайыз), Түркістан және Жамбыл облыстары жатады.

Әсіресе Елордаға, Алматы мен Шымкентке ауылдардан көшіп барған халықтың саны көп.

Мысалы, өткен жылмен ғана салыстырғанда, еліміздің түрлі өңірлерінен көшіп келген 100 мыңға жуық адамның есебінен Астана тұрғындарының саны артты.

Бірақ, урбанизация кез келген елдің экономикалық дамуы үшін маңызды шарт болып табылатын объективті процесс болса да, бірақ оның деңгейлері мен шектеулері бар. Себебі дүниежүзіндегі ең дамыған және біз құсаған жері көп (АҚШ, Канада, Австралия) мемлекеттердің урбанизация көрсеткіші 70 пайыздың ар жақ бер жағында. Біз секілді тарихи мал шаруашылығымен аграрлық бағытта бейімделген ел үшін урбанизация деңгейі 65-70 пайыздан аспауы қажет.

Алайда, Ауыл партиясын алаңдататыны - аграрлық әлеуеті зор ауылдық елді мекендер Қазақстан картасынан жойылып барады. Ұлттық статистика

бюросының мәліметі бойынша 2024 жылдың 1 шілдесіне елімізде 6 208 ауыл бар, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 78 ауылға аз.

Қазақстан үшін ауылдық аумақтарды сақтап қалу барлық жағынан аса маңызды екенін атап өткіміз келеді.

Қоғамдық құндылықтар, бір-біріне көмектесу, ата-бабамызды құрметтеу ауылдарда ерекше дәріптеледі, әрі елдегі әлеуметтік тұрақтылыққа ықпал етеді, мәдени мұрамызды болашақ ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді.

Алайда бүгінгі таңда қала мен ауыл арасындағы тұрмыс деңгейіндегі алшақтық әлі де зор.

Қалаларға негізінен жұмыс істеуге мүмкіндігі бар адамдар ұмтылады, бұл ауылдардың депопуляциясы мен деградациясына әсерін тигізеді, мұның өзінің жалпы мемлекет үшін экономикалық және әлеуметтік салдары бар.

Ірі қалаларда, мегаполистерде мұндай көші-қонға дайын емес. Қалаларда бұл проблемалар тұрғын үй құрылысымен, қалалық көліктің және инженерлік инфрақұрылымның дамуымен, әлеуметтік қызметтер саласын дамыту қажеттігімен қамтамасыз етумен байланысты.

Ең қорқыныштысы, бұдан үлкен қалаға көшіп келген ауыл тұрғынының жағдайы жақсармайды.

Табысы аз көпбалалы отбасы ауылда аз да болса лайықты баспана алуға мүмкіндігі болады, еңбектенетін болса, қолындағы малының өнімдерімен күнін көреді, яғни ет пен сүт, жеміс пен көкөніс тұтынады, ал қалада мұндай мүмкіндік болмайды. Ауылдардан көшіп келген адамдар көбінесе тұрғын үйге бейімделмеген үй-жайларда, вагончик- будкаларда өмір сүруге мәжбүр болады, бір сөзбен айтқанда, тұрғысыз, жылу мен қарапайым гигиена жоқ, қауіпсіздік стандарттарына сай келмейтін жерлерде тұрады.

Жұмыс табуға келетін болсақ, бұл да оңай емес. Өз үйі болмаса, бар тапқаны жалдау ақысын төлеуге кетеді, ал адамның өзі кредитке, қарызға белшесінен батып, жағдайы бұрынғыдан да қиындайды.

Түп-тұқиянынан бері ауылда өмір сүріп келе жатқан ауыл тұрғынына қалада әлеуметтік жағынан бейімделу, қала жағдайына бойсұну өте қиын. Ал бұл уақытта ауылдар бос қалып жатыр, егін егетін, мал өсіретін адам жетпейді.

Құрметті Олжас Абайұлы!

Ауыл тұрғындарын қолдау мақсатында қолданыстағы бар бағдаламаларды әліде реттеп, қосымша келесі шараларды іске асыру қажет:

1. Ауыл тұрғындарының зейнетақысын көбейту мәселесін пысықтау, мысалы, ауыл шаруашылығында кем дегенде 25 жыл жұмыс істеген болса және ауылда тұратын болса, зейнеткерлерге көбірек зейнетақы тағайындау керек.

2. Ауылдық тұрғын үй бағдарламасын әзірлеу, яғни үй берген кезде жеңілдік беріп, белгілі бір уақыт жұмыс істегеннен кейін оны өз атына шығарып алу мүмкіндігін қарастыру керек.

3. Қаладан ауылға көшіп келетіндер үшін жалға берілетін үй салу, үй жалдаған кезде субсидия беру мәселесін пысықтау қажет.

4. Ауыр жұмыс істейтіндерге үстемеақы төленеді, солар сияқты ауылдық жерлерде жұмыс істейтіндерге үстемеақы төлеу мәселесін пысықтау керек.

5. Көпбалалы аналарға арналған жеңілдіктер бойынша преференциялар жүйесін қарастырып, қаражатты дұрыс жұмсауына мүмкіндік беру керек, мәселен, отбасылық бизнес ашуға, үй, көлік сатып алуға немесе бұрынғыларының орнына жаңасын, жақсырағын алуға пайдалануына болады.

6. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша берілетін біржолғы жәрдемақы мен осы бағдарламаға қатысушылар алуға болатын ең жоғары кредит мөлшерін автоматты түрде индекстеу мәселесін пысықтау қажет.

7. Көпбалалы отбасыдан шыққан ауыл балаларының жылына 1 рет отбасымен демалысқа шығу, емдік-сауықтыру бағытындағы демалысы мен каникул кезіндегі демалысын ұйымдастыру мәселесін, олардың жолақысы мен демалыс орындарында кемінде 3 апта тегін тұруына бюджеттен субсидия беру мәселесін пысықтау қажет.

8. Ауыл шаруашылығы саласында мамандар даярлап, дуалды білім берудің ауқымын кеңейту.

9. Өңірлерді дамыту бағдарламаларының мониторингін жобалық басқару шеңберінде жүргізген жөн, бұл жүйелік тәсілді қолдануға, проблемаларды жедел шешуге ықпал етеді және ресурстарды пайдаланудың ашықтығы мен тиімділігін арттырады.

Жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының талаптарына сәйкес ұсынуды сұраймыз.

Құрметпен,

**«Ауыл» партиясы
фракциясының депутаттары**

Қ. Абден

Н. Арсютин

А. Баққожаев

А. Зейнуллин

Е. Саурықов

Т. Серіков

**«Қазақстан Халық партиясы»
фракциясының депутаты**

Г. Танашева

*Орынд.: К. Алтынбеков
тел.: 74-63-26*